



**Автор:** САТАЕВА ГУЛЬНАРА ЕСЕНТАЕВНА  
**Пән:** Математика  
**Сынып:** 1-сынып  
**Бөлім:** Теңдік және теңсіздік. Теңдеу  
**Тақырып:** Санды өрнектерді салыстыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.1.4 қосу мен алуда 0-дің қасиеттерін әріптік теңдік түрінде көрсету: $a+0=a$ , $a-0=a$ 1.5.2.2 «+», «-», «≠», «=», «>», «<» белгілерін/ цифрларды /белгісіз санның символын қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: Әріпті символдардың берілген мәні бойынша бір әрпі бар өрнектің мәнін табады. Көптеген оқушылар:Қосумен берілген өрнек мәндерін салыстыру мен өрнекті құрастыруды біледі. Кейбір оқушылар: Алған білімдерін өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Барлық оқушылар жасай алады: Әріпті символдардың берілген мәні бойынша бір әрпі бар өрнектің мәнін табады. Көптеген оқушылар:Қосумен берілген өрнек мәндерін салыстыру мен өрнекті құрастыруды біледі. Кейбір оқушылар: Алған білімдерін өмірде қолдана алады.
Күтілетін нәтиже:	Санды өрнекті салыстыра білу керек. Нәтижесін табу
Бағалау критерийлері:	Әріпті символдардың берілген мәні бойынша бір әрпі бар өрнектің мәнін табады.Санға 0-ді қосу және азайту жағдайларын әріпті өрнек түрінде көрсетеді
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілікке, жан-жануарға қамқор болу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнежазба
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану,көркем еңбек
Бастапқы білім:	Салыстыруды біледі

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Шаттық шеңбері Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! Ширату: 1 таңбалы сандардан 2 таңбалы сан құрау. Сол 2 таңбалы сандарды салыстыру. 2 таңбалы сандардан санды теңсіздіктер құрау. Алғашқы болған 5 оқушыға от шашу жасау.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Санды өрнектерді салыстырғанда олардың мәндерін салыстырамыз. Санды өрнектердің мәндері бірдей болса, олар өзара тең болады. <math>10+5=20-5</math> <math>15=15</math> Ал өрнек мәндері тең болмаса не артық, не кем болады <math>8+3 &lt; 10+2</math> <math>11 &lt; 12</math>. Топпен жұмыс: «Хайуанаттар дүкенінде». Хайуанат дүкенінде жануарларға арналған қорек түрлері, торлар, аквариумдар, түрлі аксессуар сатылады. («Жұлдыз» дүкені) Оқулықпен жұмыс: Оқулықтағы суреттердің әрқайсысы бойынша санды өрнек құрастыру. Жауабы: 1-топ: <math>3 + 4 = 2 + 5</math>; 2-топ: <math>6 + 6 &gt; 8 + 3</math>; 3-топ: <math>4 + 4 &lt; 2 + 8</math>. Топ бірін-бірі бағалайды. Жұптық жұмыс: Шығарып көр. Оқушылар санды өрнектерді салыстырады. Жауабы: 1) <math>18 + 1 &lt; 13 + 7</math>; 2) <math>7 + 10 &gt; 10 + 2</math>; 3) <math>50 + 40 = 40 + 50</math>; <math>5 + 3 = 4 + 4</math>; <math>16 + 2 &lt; 14 + 5</math>; <math>30 + 60 &gt; 70 + 10</math>; <math>2 + 0 &lt; 0 + 5</math>. <math>18 + 1 = 0 + 19</math>. <math>20 + 80 = 90 + 10</math>. Оқушыларды өзім смайликпен мадақтаймын. Жеке жұмыс: Кім тапқыр?. Оқушылармен құпия цифрлар туралы әңгімелесу. Суреттердің көмегімен санды ақпараттың қалай цифрленетінін айттыңыз. Бірдей суреттерде бірдей сандар цифрленгенін ескертіңіз. Оқушыларға құпия цифрді шешіп, санды өрнектерді салыстыруды ұсыныңыз. Жауабы: а) <math>2 + 2 &lt; 3 + 3</math>; ә) <math>3 + 5 &gt; 2 + 5</math>; б) <math>5 + 4 &gt; 3 + 4</math>; Дескриптор: • сандар, шамалар мен санды өрнектер арасындағы қатынастарды (<math>=</math>, <math>\neq</math>, <math>&gt;</math>, <math>&lt;</math>) таңбалары арқылы көрсетуді үйренеді.</p>	
Сабақтың соңы	<p>«Серпілген сауал» әдісі — Әріпті өрнектегі әріптің мәні қалай аталады? — <math>a + 0 = a</math> өрнегіндегі әріп қандай мәнге ие болады? Ал <math>a - 0 = a</math> өрнегінде ше? Неліктен? — <math>7 + b</math> өрнегінде <math>b</math> әрпі қандай мағына береді? — <math>7 - b</math> өрнегінде ше? — <math>7 - b</math> әріпті өрнегінің сан мәнін қалай табуға болады?</p>	
Рефлексия	<p>Кері байланыс: «Жетістік баспалдағы» бойынша өзін-өзі бағалайды.</p>	